Мінездеме

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ «Ветеринариялық санитария» мамандығының ВС-803 тобының 5 курс студенті Бопаева Әсем Берікқызы, ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті «Республикалық ветеринариялық зертхана» ШЖҚ РМК Абай облыстық филиалы Ақсуат аудандық ветеринариялық зертханасында 05.09.2022-07.10.2022 жыл аралығында өндірістік тәжірибеден өтті.

Өндірістік іс-тәжірибеден өту барысында Әсем университет қабырғасындағы білімін көрсете білді, берілген жұмысты уақытылы және сапалы, тиянақтылықпен, жауапкершілікпен орындады. Зертхана ұжымымен жақсы қарым қатынаста болды, тіл табыса алды. Өзінің ақылдылығымен, білімділігімен, адамгершілігімен, еңбекқорлығымен, тез меңгерушілік қабілетімен ерекше көзге түсті.

Жұмыс істеу барысында сипатталатын мінезі зертхана тәртібіне бағынған, өз мамандығына ынтамен берілген, тәжірибелік міндеттер кезінде өзінің ұшқыр ойымен, тез шешім қабылдағыштығымен жауапкершілікті өз мойнына ала алатын адами қасиеттерімен ерекшеленді.

Зертханадан өз мамандығына қажетті тәжірибелер мен ақпараттарды толық меңгерді.

Ақсуат АВЗ меңгерушісі **Жамагатов М. А.**